

2005 13.04
18975-1910.40
1999-ж. 02
13.04.2005
18975-1910.40
02.1999
97024 0000816

«Қазатомөнеркәсіп» АҚ-тың
Жалғыз Акционерінің Шешімімен
БЕКІТІЛДІ
 («Самұрық-Қазына» АҚ 2011ж.
«15» 02 № 10-н Бұйрығы)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БҰЛШЕТ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫАҚ БҰЛШЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
ЖАРЫҚТАЙ ҚАЖАТТАРЫАА БӨТЕРУЛЕР МЕН
ТОЛЫҚТЫРУЛАР БЕРІСІЗГЕН
№ 2400 БҰЯРЫҒЫ
2011. 02. 02
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
ИССЕВНЫ КОМПЕТЕНЦИЯ И ОБОБЩЕНИЯ
В УЧРЕДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ
24 ПРИКАЗ № 2400 2011

«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы»
Акционерлік қоғамының

ЖАРҒЫСЫ

Алматы қаласы, 2011 жыл

МАЗМҰНЫ:

КІРІСПЕ	3
КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ	5
1 ТАРАУ. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫҢ ПРИНЦИПТЕРІ	5
1.1. АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ПРИНЦИПТЕР	5
1.2. КОМПАНИЯНЫҢ ІШКІ ҚҰЖАТТАРЫ	10
1.3. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫҢ ЖАЛПЫ ҚҰРЫЛЫМЫ	10
2 ТАРАУ. КОМПАНИЯНЫҢ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРІ	11
3 ТАРАУ. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МЕН БАСҚАРМАНЫҢ ЖҰМЫСЫ	11
3.1. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ	12
3.2. БАСҚАРМА	16
3.3. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МЕН БАСҚАРМАНЫҢ АРАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА ӘРЕКЕТ; КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫ	17
4 ТАРАУ. ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТ	17
4.1. ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ	17
4.2. ДИВИДЕНДТІК САЯСАТ	18
4.3. ЖАСАЛУЫНДА МҮДДЕЛЛІК БАР МӘМЛЕЛЕР	18
4.4. МАҢЫЗДЫ КОРПОРАТИВТІК ОҚИҒАЛАР	19
4.5. КОМПАНИЯНЫ ТАРАТУ	19
5 ТАРАУ. АҚПАРАТТЫ АШУ ЖӘНЕ АЙҚЫНДЫЛЫҚ	19
5.1. АҚПАРАТТЫ АШУ САЯСАТЫ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ	19
5.2. ІШКІ АҚПАРАТТЫ ҚОРҒАУ	19
5.3. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП БЕРУ	20
5.4. ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ІШКІ АУДИТ	20
5.5. СЫРТҚЫ АУДИТ	21
6 ТАРАУ. ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ ТӘУЕЛДІ ҰЙЫМДАРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТ ЖАСАУДЫҢ ПРИНЦИПТЕРІ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ	21
ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР	22

Handwritten signature

Кіріспе

1. Осы құжатта «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың (бұдан әрі - Компания) корпоративтік басқару Кодексі (бұдан әрі - Кодекс) баяндалған.

Корпоративтік басқарудың стандарттарын қолдану мен принциптерін сақтау мақсаты Компанияның Жалғыз акционерінің құқықтары мен заңды мүддесін қорғау болып табылады.

2. Осы Кодекстің мақсаты Компанияның корпоративтік басқаруын жетілдіру және жүйелеу, Компанияны басқарудың айқындылығын қамтамасыз ету және Компанияның Кодексте бекітілген корпоративтік басқару стандарттарын орындауға дайындығын растау болып табылады.

Атап айтқанда:

1) Компанияны басқару, Компания құнының көтеру үшін, жауапкершіліктің, есеп берудің және тиімділіктің жоғарғы деңгейімен жүзеге асырылуы тиіс;

2) ақпаратты ашу, айқындылық, сондай-ақ тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесінің тиімді жұмысы Заңнама талаптары мен Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылуы керек.

3. Кодекс, Компания өз қызметі үрдісінде Компанияның ішкі және басқа заңды және жеке тұлғалармен қатынастарында іскерлік этиканың жоғарғы деңгейін қамтамасыз етуі үшін істелетін ережелер мен ұсыныстардың жиынтығы болып табылады.

4. Кодекс Заңнама ережелеріне сәйкес, сол сияқты Қазақстанда дамып келе жатқан корпоративтік тәртіпті, этикалық нормаларды, қажеттіліктер мен капиталдар рыногында ағымдағы кезеңде олардың дамуында компаниялар қызметінің жағдайларын, және корпоративтік басқару принциптерінің халықаралық тәжірибеде танылғандарын ескеріп, жасалды.

5. Компания өзінің қызметінде Кодекстің ережелерін орындауға тиіс. Сонымен қатар Кодекс ережелерінен шығуды Компанияның жеке ерекшеліктерінің, даму кезеңінің, сондай-ақ Компанияның алдында туындаған тәуекелдер мен мәселелер сипатын ескерумен ақтауға болады. Кодекс ережелерінен шығу тек ондай мүмкін болған шығудың тиісті жағдайларын директорлар Кеңесі қарап, жете талдағаннан кейін және оның Жалғыз акционерді хабардар еткен соң жіберіледі.

6. Компания, корпоративтік басқару тәжірибесі статистикалық сипат алмайтынын растайды. Директорлар Кеңесі қолданыстағы Заңнама, қазақстандық және халықаралық компанияларға қатысты корпоративтік басқаруға қолданылатын ұсыныстар мен ең үздік тәжірибе жүзінде Кодекс шарттарын мезгіл-мезгіл қайта қарап тұрады, қажет болса, тиісті ұсыныстарды Жалғыз акционердің қарауына шығарады.

7. Компанияның лауазымды тұлғалары және қызметкерлері Компаниямен тиісті шарттар негізінде, осы Кодекспен қарастырылған, өздеріне міндеттер алады және оның ережелерін компанияда және оның еншілес, тәуелді ұйымдарымен өзара қатынастында орындауға міндеттенеді.

8. Кодексте мына негізгі атаусөздер мен анықтамалар пайдаланылады:

Компанияның ішкі құжаттары Компанияның барлық қызметкерлеріне көп рет қолдануға есептелген және реттелген жағдай шеңберінде барлық тұлғаларға таралған, олардың әрекетін өзгертетін, тоқтататын және тежей тұратын тәртіп ережелерін орнататын міндеттемені Компанияның органы немесе лауазымды тұлғасы бекітетін құжат;

М.С.С.

Директор /лар	Компания директорлар Кеңесінің мүшесі /лері;
Жалғыз акционер	«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы;
Мүдделі тұлға	Құқықтарының іске асырылуы Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Компания Жарғысымен қарастырылған, қызметі Компанияға байланысты тұлға, оның ішінде инвесторлар да бар (акциялардан бөлек, құнды қағаздар иеленетін, тұлға)
Заңнама	Белгілі тәртіппен қабылданған, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің жиынтығы;
Кодекс	Компанияның корпоративтік басқару кодексі;
Комитет /тер	Компанияның директорлар Кеңесі комитеті /тері;
Корпоративтік хатшы	Компанияның Корпоративтік хатшысы;
Корпоративтік дау-жанжал	Жалғыз акционердің мүддесіне және/немесе Компания қызметіне кері әсер ететін Компанияны басқару мәселелері бойынша : 1) Жалғыз акционер мен Компания органдары, немесе 2) Компания органдарының немесе олардың қызметкерлерінің, немесе 3) Компания органы мен Компанияның мүдделі тұлғаларының арасындағы келіспеушілік немесе дау;
Тәуелсіз директорлар	Заңнамаға сәйкес тәуелсіз ретінде белгіленген директорлар;
Басқарма	Компанияның атқарушы органы;
Директорлар Кеңесі	Компанияның басқару органы;
Маңызды корпоративтік оқиғалар	Компания қызметінде іргелі өзгерістерге әкелуі мүмкін Компанияда жасалатын оқиғалар мен мәмілелер қатары;
Жарғы	Компанияның Жарғысы.

9. Осы Кодексте қолданылған, бірақ анықтау берілмеген, атаусөздер, Заңнама мен Жарғыда қолданылған мағанада пайдаланады.

1-ТАРАУ. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫҢ ПРИНЦИПТЕРІ

1.1. АНЫҚТАУЛАР МЕН ПРИНЦИПТЕР

10. Корпоративтік басқару – Компания қызметі мен Жалғыз акционер, директорлар Кеңесі, Басқарма, Компанияның өзге де органдары және Мүдделі тұлғалар арасындағы қатынастарды, сондай-ақ Компанияның еншілес және тәуелді ұйымдармен Жалғыз акционердің мүддесіне сай өзара әрекетін басқару мен бақылауды қамтамасыз ететін үрдістер жиынтығы.

11. Корпоративтік басқару Компания қызметінің тиімділігін жоғарлату, оның беделін нығайту және тартылған капиталға кеткен шығындарды төмендету құралы болып қызмет етеді.

12. Компаниядағы корпоративтік басқару әділеттілік, адалдық, жауапкершілік, айқындылық, кәсіптілік және біліктілік негіздерінде құрылады. Компанияның корпоративтік басқарудың тиімді құрылымы Компания қызметіне барлық мүдделі тұлғалардың құқығы мен заңды мүдделерін сыйлауға негізделеді және Компанияның табысты қызмет етуіне, соның ішінде оның құндылығының өсуіне, қаржылық тұрақтылығына және табысының артуына ықпал жасайды.

13. Осы бапта баяндалған корпоративтік басқарудың принциптері Компанияны басқаруымен байланысты туындайтын қатынастарда сенім орнатуға бағытталған, және Кодекстің келесі бөлімдеріндегі барлық ережелер мен ұсыныстардың басты негізі болып табылады.

Компаниядағы корпоративтік басқару мына принциптерге негізделеді:

- 1) Жалғыз акционердің құқығы мен мүддесін қорғау принципі;
- 2) директорлар Кеңесі мен Басқарманың Компанияны тиімді басқару принципі;
- 3) Компания қызметі туралы ақпаратты ашудың айқындылық және объективтілік принципі;
- 4) заңдылық пен этика принципі;
- 5) тиімді дивидендтік саясат принципі;
- 6) тиімді кадр саясат принципі;
- 7) қоршаған ортаны қорғау принципі;
- 8) еңбек жағдайының қауіпсіздігі принципі;
- 9) корпоративтік жанжалды және мүдделер тартысын реттеу принципі;
- 10) жауапкершілік принципі.

14. Компанияның корпоративтік басқару құрылымы Заңнамаға сәйкес келуге және Компанияның органдары арасындағы міндеттерді бөлуді нақты белгілеуге тиіс.

15. Кодексте баяндалған Корпоративтік басқару принциптерін орындау Компания қызметіне объективті талдау жүргізу үшін және талдаушылардан, кеңесшілерден және қажет болған кезде рейтингтік агенттерден тиісті ұсыныстарды алу үшін тиімді ыңғай жасауда көмектесуі тиіс.

1.1.1. ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ ҚҰҚЫҒЫ МЕН МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУ ПРИНЦИПІ

16. Компаниядағы корпоративтік басқару Жалғыз акционердің құқығы мен заңды мүддесін қорғау мен сыйлау ұстанымына негізделген және Компанияның тиімді қызметіне, сонымен қатар Компания активтерінің өсуіне және Компанияның қаржылық тұрақтылығын және пайдалылығын қолдауға жағдай жасайды.

17. Жалғыз акционер Заңнамада және Жарғыда қарастырылған құқықтарға ие.

18. Корпоративтік басқару Жалғыз акционерге Компанияны басқаруына қатысуымен байланысты өз құқықтарын жүзеге асырудың шынайы мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Жалғыз акционер, Компанияның органы және/немесе Компанияның лауазымды тұлғалары Заңнама мен Жарғы нормаларын бұзатын әрекет жасаған жағдайда, өз құқықтары мен заңды мүддесін қорғау үшін мемлекеттік органдарға шағымдануға құқылы.

19. Компания мен Жалғыз акционер арасында ақпаратпен алмасу тәртібі Заңнамамен, Компанияның Жарғысымен және ішкі құжаттарымен реттеледі.

1.1.2. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МЕН БАСҚАРМАНЫҢ КОМПАНИЯНЫ ТИІМДІ БАСҚАРУ ПРИНЦИПІ

20. Директорлар Кеңесі Жалғыз акционер мен Компания мүдделерін іске асыру мен құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді және Компанияның қызметіне толық жауап береді.

21. Директорлар Жалғыз акционердің мүддесіне адал қызмет етуге тиіс.

22. Директорлар Кеңесі Компанияның жалғыз акционері алдында өз ісінің айқындығын қамтамасыз етеді.

23. Директорлар Кеңесінің төрағасы мен Басқарма Төрағасы бір адам болмауы тиіс.

24. Директорлар Кеңесінің және Басқарманың құзыреті Компанияның Жарғысы мен ішкі құжаттарында анық бөлініп, бекітілуге тиіс.

25. Директорлар Кеңесі мен Басқарма арасындағы құзыретті бөлу Жарғы мен Директорлар кеңесі және Басқарма туралы ережелерде реттелген.

26. Директорлар Кеңесінің Төрағасы директорлар Кеңесін басқаруға жауапты және директорлардың директорлар Кеңесінің қызметіне тиімді үлесін, атап айтқанда, директорлар мен Басқарма арасындағы келісімді қатынастарды, қамтамасыз етеді.

27. Тәуелсіз директорлар директорлар Кеңесінің жалпы құрамының үштен бірінен кем болмауы керек.

28. Директорлардың жұмысын бағалау мен әділ сыйақы беру жүйесі олардың жұмыстарын, Жалғыз акционер мен Компания мүддесіне сай, ынталандыруды қамтамасыз етуі керек.

29. Басқарма Компанияның атқарушы органы болып табылады. Басқармаға Басқарма Төрағасы басшылық етеді.

30. Басқарма Компанияның күнделікті қызметіне басшылық етуді жүзеге асырады.

31. Басқарма қызметі Жалғыз акционердің мүдделерін сақтау негізінде құрылған және Жалғыз акционер мен директорлар Кеңесіне толық есеп береді.

1.1.3. КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШУДЫҢ АЙҚЫНДЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОБЪЕКТИВТІЛІК ПРИНЦИПІ

32. Жалғыз акционер негізделген шешімдерді қабылдау мүмкіндігін қамтамасыз ету, сондай-ақ Компания қызметі туралы Мүдделі тұлғалар назарына ақпарат жеткізу мақсатында Компания Жалғыз акционер мен Мүдделі тұлғалар алдында Компания туралы, сонымен қатар оның қаржылық жағдайы, экономикалық көрсеткіші, қызметінің нәтижелері, меншік құрылымы және басқару туралы шынайы ақпаратты уақытылы ашуды қамтамасыз етеді.

33. Кез келген ақпаратты ашу және (немесе) жария ету кезінде Компания Заңнаманың ережелерін және Компанияның коммерциялық және Заңнамамен қорғалатын өзге құпия туралы ішкі құжаттарды ескереді.

1.1.4. ЗАҢДЫЛЫҚ ПЕН ЭТИКА ПРИНЦИПІ

34. Компания Заңнамаға, іскерлік этика принциптеріне, Компанияның Жарғысына, Кодексіне және ішкі құжаттарына сәйкес әрекет етеді.

35. Жалғыз акционер, директорлар Кеңесі мен Басқарма мүшелері арасындағы қатынастар өзара сенімділік, сыйласу, есеп беру мен бақылау негізінде құрылады.

1.1.5. ТИІМДІ ДИВИДЕНДТІК САЯСАТ ПРИНЦИПІ

36. Компания, Компанияның дивидендтік саясатын белгілейтін Заңнама нормалары мен Компанияның ішкі құжаттарына сүйенеді.

37. Дивидендтік саясаттың негізгі принциптерінің бірі дивиденд мөлшерін және оларды төлеу шарттарын белгілеудің қарапайым да айқын механизмін қамтамасыз ету болып табылады.

38. Заңнамаға және Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес, Жалғыз акционердің зерделеуі үшін Компанияның дивидендтік саясаты транспаренттік және қол жетерлік болуға тиіс.

1.1.6. ТИІМДІ КАДР САЯСАТЫНЫҢ ПРИНЦИПІ

39. Компаниядағы корпоративтік басқару Заңнамада қарастырылған Компания қызметкерлерінің құқықтарын қорғау негізінде құрылған және Компания мен оның қызметкерлері арасында әлеуметтік мәселелерін шешу мен еңбек жағдайын реттеуде әріптестік қатынастарды дамытуға бағытталған.

40. Компанияда еңбек жағдайын жақсарту және Компания қызметкерлерінің әлеуметтік қорғау нормаларын сақтау кадрлар саясаттың негізгі элементтерінің бірі болып табылады.

41. Корпоративтік басқару еңбек ұжымында қолайлы және шығармашылық атмосфераны құру процессін ынталандыруға, Компания қызметкерлерінің біліктілігін жоғарлатуға ықпал етуі тиіс.

42. Компанияда қызметкерлерге қатысты айқын саясат жүргізіледі. Бұл саясат қызметкерлермен жұмыс істеу кезеңдерінің барлығында:

- 1) қызметкерлерді іріктеуде;
- 2) жұмысқа қабылдауда;
- 3) жұмыстан босатуда;
- 4) оқытуда;
- 5) сыйақы мен өтемақы төлеуде сақталады;

43. Компанияда барлық қызметкерлерге қызметте өсуі үшін тепе-тең мүмкіндік беріледі, қызметкерлерге сыйақы берудің тиімді жүйесі қолданылады.

44. Компания мен қызметкерлердің өзара қатынастарының негізгі жәйттары ұжымдық және жеке шарттарда көрсетілген. Компанияның әрбір қызметкері Қазақстан Республикасының Еңбек шартын, Компанияның ішкі құжаттарының ережелерін және Кодекстің ережелерін орындауға тиіс.

1.1.7. ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ПРИНЦИПІ

45. Қоршаған ортаны қорғау принципіне мыналар жатады:

1) Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғауға қатысты заңнамасының талаптарын сақтау;

2) Компанияның кәсіпорындары жайғасқан аудандарда қоршаған ортаны қорғау, әсіресе су бассейндері мен атмосфераға ұқыпты қарау;

3) білімнің, техниканың қазіргі кездегі жағдайына сай экологиялық қауіпсіздік деңгейіне қол жеткізу;

4) атом саласында қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесін тұрақты жетілдіру;

5) алдын алу іс-әрекет, оның маңызы қоршаған ортаға шаруашылық қызметтің әр түрінің, олар іске асырылғанына дейін, жағымсыз әсерін болдырмауды, экологиялық залалдарды есепке алуға құрылған ;

6) өндіріс көлемін өсіруде прогрессивтік технологиялар мен жабдықтарды енгізу арқылы тасталымдар, ластандырушы заттардың төгілуін мен қалдықтар санын азайту және улылығын төмендету, өндірістік процесстердің автоматтану деңгейін өсіру;

7) пайдалануда және екінші рет қайта өндеуде өнімнің толық экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

8) қажетті лицензиялар мен сертификаттары бар, сондай-ақ оң мінездемесі бар жеткізушілермен жұмыс істеу;

9) табиғатты пайдаланудың ақылығы және халыққа және қоршаған ортаға жасалған залалды өтеу;

10) қызметкерлердің қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану мәселелерінде хабардар болуы және құзыреттілігі деңгейін үнемі өсіру;

11) экологиялық ақпараттың ашықтығы.

46. Компанияда өндірістің қалдықтарымен қауіпсіз жұмыс істеу бойынша басқарудың, қоршаған ортаға қолайсыз әсерін төмендетудің және табиғи ресурстарын сақтаудың алғашқы технологиясы мен әдістері қолданылады. Компания қауіпсіз технологиялар мен жабдықтарды әзірлеудің және енгізудің әлемдік тәжірибесі негізінде өндіріс құралдарына үнемі жетілдіруді жүргізеді.

47. Компания, қоршаған ортаны қорғау принциптерін сақтау мақсатында, өнімнің өмірлік циклының барлық кезеңдерінде қоршаған ортаны қорғау бойынша алдын алатын шаралары басымдығын сақтайды, өндірістік экологиялық бақылауды жүзеге асырады, Мүдделі тұлғаларға қоршаған ортаның апаттық ластану жағдайлары туралы уақтылы хабардар етеді.

1.1.8. ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ ПРИНЦИПІ

48. Компанияның еншілес және тәуелді ұйымдарындағы өнеркәсіптік қауіпсіздік пен еңбекті қорғау жағдайы, Заңнамада және Компанияның ішкі құжаттарында белгіленген көрсеткіштер жүйесіне толық сәйкес келтіріліп, бағаланады.

49. Компанияның қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз етудегі және қызметкерлердің денсаулықтарын қорғаудағы мақсаттары:

1) өнеркәсіптік қауіпсіздік жағдайын, кәсіпорындардағы еңбекті қорғауды тұрақты жақсарту мен осы міндеттемелердің орындалуына бақылауды қамтамасыз ету;

2) ғылымның, техника мен қоғамның қазіргі даму жағдайына сай келетін өнеркәсіптік қауіпсіздік деңгейіне қол жеткізу, жаңа қауіпсіз өндірістік үрдістері мен жабдықтарды, қауіпсіздіктің қазіргі аспаптарды, технологиялық процесстерді басқару мен бақылаудың автоматтандырылған жүйелерін енгізу арқылы Компанияның өнеркәсіптік нысандарында өндірістік қауіпсіздікті көтеру;

3) қазіргі ақпараттық технологияларды, техникалық диагностиканың әдістемелері мен қашықтықтағы бағдарлауды енгізу негізінде Компанияның өндірістік нысандарындағы өндірістік қауіпсіздік талаптары сақталуына өндірістік бақылаудың тиімділігін көтеру;

4) өндірістік жарақаттанудың алдын алу бойынша жұмыстарды бұдан әрі жетілдіру, халықаралық стандарттарға сай қауіпсіздік және еңбекті қорғау жүйесін әзірлеу, енгізу мен сертификациялау;

5) Компания қызметкерлерінің біліктілігін үнемі жоғарлату, Компания қызметкерлерін кәсіби іріктеуді және, оқытудың қазіргі бағдарланған әдістерін қолданып, қауіпсіздік техникасын сақтау мен қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне жетекшілік етуші қызметкерлерді оқытуды жетілдіру, еңбек және өндірістік тәртіпті нығайту, қауіпсіздік пен еңбекті қорғау мәселелерін насихаттауды арттыру;

6) өндірістегі техника қауіпсіздігі жағдайына мониторинг пен аудитті жүргізу, еңбек жағдайын одан әрі жақсарту бойынша тиісті іс-шараларды жүзеге асырып, еңбек жағдайы бойынша өндірістік нысандарды аттестациялау болып табылады.

1.1.9. КОРПОРАТИВТІК ЖАНЖАЛДАР МЕН МҮДДЕЛЕР ТАРТЫСЫН РЕТТЕУ ПРИНЦИПІ

50. Директорлар Кеңесі мен Басқарма мүшелері, Компания қызметкерлері өз кәсіби міндеттерін Заңнамаға, Кодекске, Компанияның ішкі құжаттары мен этикалық стандарттарына және іскерлік этиканың жалпы қабылданған нормаларына сәйкес орындайды.

51. Корпоративтік жанжалдардың алдын алу мен реттеу бойынша жұмыстың тиімділігі корпоративтік жанжалды, егер де олар Компанияда болған немесе болуы мүмкін кезде, тездетіп алдын алуды және Компанияның барлық органдарының әрекетін нақты үйлестіруді көздейді.

52. Директорлар Кеңесі мен Басқарма өз кәсіби міндеттерін адал, Компания мен Жалғыз акционерінің мүддесіне сай, корпоративтік жанжалдарды болдырмай, атқарады.

53. Қатысушылар корпоративтік жанжалдар пайда болған жағдайда келіссөздер арқылы, Жалғыз акционердің құқықтарын да, Компанияның іскерлік беделін де тиімді қорғауды қамтамасыз ету мақсатында, оларды шешу жолдарын іздестіреді.

54. Басқарма Төрағасы, Компанияның директорлар Кеңесі құзыретіне шешімді қабылдауға жатпайтын, барлық мәселелер бойынша корпоративтік жанжалды реттеуді Компания атынан жүзеге асыруға тиіс.

55. Директорлар Кеңесі оның құзыретіне жататын мәселелер жөніндегі корпоративтік жанжалдарды реттеуді жүзеге асырады. Бұл жағдайда корпоративтік жанжалдардың мәні туралы директорлар Кеңесін хабардар ету мен корпоративтік жанжалдарды шешуде аралық рөл міндеті Корпоративтік хатшыға жүктеледі.

56. Егер де Басқарма Төрағасының немесе Басқарманың, әрекеті (әрекет етпеу), немесе олардың қабылданған шешімдері жанжалдың мәні болған жағдайда, Директорлар кеңесі Басқарма Төрағасының құзырына жататын жеке корпоративтік жанжалдарды қарайды.

57. Мүдделер тартысы- қызметкердің немесе Компанияның лауазымды тұлғасының жеке мүдделігі оның өз лауазымды міндеттерін кедергісіз орындауға ықпал етеді немесе ықпал етуі мүмкін жағдай.

58. Мүдделер тартысын алдын алудың негізгі принциптері Компанияның Іскерлік этика Кодексінде және Компанияның өзге де ішкі құжаттарында бекітіледі.

59. Корпоративтік жанжалдарды келіссөздер арқылы шешуге мүмкін болмағанда, олар Заңнамаға сәйкес шешіледі.

1.1.10. ЖАУАПКЕРШІЛІК ПРИНЦИПІ

60. Компания барлық Мүдделі тұлғалардың құқықтарын мойындайды да сыйлайды және өзінің дамуы мен қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында ынтымақтастыққа ынтығынады.

61. Мүдделі тұлғалар Заңнамада қарастырылған жағдайларда олардың құқықтарын бұзғаны үшін өтемақы алуға мүмкіндіктері болуға тиіс.

62. Мүдделі тұлға корпоративтік басқару процесіне қатысқан жағдайда, соңғының уақтылы және тұрақты негізінде маңызды, жеткілікті және сенімді ақпаратқа қол жетуі тиіс.

63. Мүдделі тұлғалардың, Басқарманың заңсыз және этикаға сай емес әрекеті туралы, директорлар Кеңесіне еркін мәлімдеуге мүмкіндіктері болуға тиіс және ондай мәлімдеме болған жағдайда олардың құқықтарына қысым жасалмауы керек.

1.2. КОМПАНИЯНЫҢ ІШКІ ҚҰЖАТТАРЫ

64. Корпоративтік басқарудың нақты құрылымы, процедурасы мен практикасы Компанияның Жарғысымен және ішкі құжаттарымен реттеледі, оның ішінде мына ережелермен:

- 1) директорлар Кеңесі туралы;
- 2) Басқарма туралы;
- 3) Комитеттер туралы;
- 4) Корпоративтік хатшы туралы;
- 5) ішкі аудит Қызметі туралы;
- 6) тәуекелдерді басқару туралы;
- 7) ақпаратты ашу туралы;
- 8) дивидендтік саясат туралы;

65. Жоғарыда аталған құжаттар Заңнамаға және халықаралық тәжірибеде қабылданған корпоративтік басқару принциптеріне сәйкес әзірленеді.

1.3. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫҢ ЖАЛПЫ ҚҰРЫЛЫМЫ

66. Компанияның органдары арасындағы құзыретті бөлу анық баяндалуға және Жалғыз акционердің мүддесін сақтауға кепілдік беруге тиіс.

67. Компания органдарында өз міндеттерін сапалы орындау үшін уәкілеттігі мен қорлары болуы тиіс. Оларды басқару уақтылы әрі айқын болуы тиіс.

68. Органдар арасындағы тиімді өзара әрекет ету мен олардың құзыретін нақты шектеу корпоративтік бақылаудың тиімді тәжірибесін қамтамасыз етудегі бастапқы фактор болып табылады.

69. Компанияның басқару органы жүйесіне:

- 1) Жалғыз акционер – жоғарғы орган;
- 2) директорлар Кеңесі – басқару органы;
- 3) Басқарма – алқалы атқарушы органы кіреді.
- 4) Ішкі аудит Қызметі – Компанияның қаржылық-шаруашылық қызметіне

бақылауды, ішкі бақылау аясындағы бағалауды, тәуекелдерді басқару, корпоративтік басқару аясындағы құжаттарды орындау мен Компанияның қызметін жетілдіру мақсатында кеңес беруді жүзеге асырушы орган.

70. Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған процедураларды директорлар Кеңесінің орындауын, сондай-ақ Директорлар кеңесімен корпоративтік басқару саласындағы ережелер мен нормаларды, Жарғы ережелері мен Компанияның өзге де ішкі құжаттарына сүйенуді қамтамасыз ету Корпоративтік хатшыға жүктеледі. Корпоративтік хатшы Компания

органдары арасында ақпаратпен тиімді алмасуға жағдай жасайды және директорлар Кеңесінің мүшелері үшін корпоративтік басқару мәселелерінің барлығы бойынша кеңесші қызметін атқарады.

71. Компания және еншілес, тәуелді ұйымдар арасындағы өзара қатынастар Заңнамаға және бекітілген корпоративтік процедураларға сәйкес жүзеге асырылады.

2-ТАРАУ. КОМПАНИЯНЫҢ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРІ

72. Жалғыз акционер Компания қызметінің негізгі мәселелері бойынша шешімдерді қабылдау арқылы Компанияны басқаруға қатысуға құқылы, бұл Жалғыз акционерге өз құқықтарын іске асыруға мүмкіндік береді. Жалғыз акционердің ерекше құзыреті Компанияның Жарғысы мен Заңнамада белгіленген.

73. Компанияның Жалғыз акционері Заңнамаға сәйкес, оның қарауына тиісті шешім қабылдау үшін шығарылатын кейбір мәселелерді, егер де осы құқықты қолданудың негізі болса, өзгертуге және/немесе алып тастауға құқылы.

74. Компания, Жалғыз акционерге ақпарат пен материалдарды, оған керек мәселелерді зерделеу және дайындау үшін, Жалғыз акционердің қарауына шығарылған мәселелер бойынша тиісті шешімдерді қабылдау үшін, ұсынады.

75. Жалғыз акционердің қарауына Директорлар кеңесі мүшелерін немесе Компанияның Басқарама Төрағасын сайлау туралы мәселені шығару кезінде Жалғыз акционерге кандидаттар жайлы толық ақпарат ұсынылуы тиіс.

76. Жалғыз акционердің қарауына тиісті шешімдерді қабылдау үшін шығарылатын мәселелер айқын болуы тиіс және олардың әр түрлі түсініктемесінің болмауы керек.

77. Қажет болған жағдайда, Жалғыз акционер оның қарауына шығарылған мәселелер бойынша тиісті шешімді қабылдау алдында Компанияның тиісті лауазымды тұлғаларының және/немесе қызметкерлерінің пікірлерін тындауы керек екенін құптауы мүмкін.

78. Компания Жалғыз акционердің барлық маңызды мәселелерге жауап алуына ұмтылады. Егер де мәселенің күрделілігіне байланысты оған дереу жауап беруі мүмкін болмаса, сұрақ берілгендер қойылған сұрақтарға тұлға (тұлғалар) Жалғыз акционер көрсеткен мерзімде жазбаша түрде жауап береді.

3-ТАРАУ. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МЕН БАСҚАРМАНЫҢ ЖҰМЫСЫ

3.1. ДИРЕКТОЛАР КЕҢЕСІ

79. Директорлар Кеңесі өз міндеттерін Заңнамаға, Жарғыға, Кодекске, директорлар Кеңесі туралы ережеге және Компанияның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

80. Директорлар кеңесі Компанияның даму стратегиясын бекітеді.

81. Директорлар кеңесі, қажет болғанына қарай, бірақ жылына бір рет, Компанияның ішкі аудит жүйесінің тиімділігіне қайта қарау жүргізуді қамтамасыз етеді және жасалған жұмысы туралы Жалғыз акционерге есеп береді.

82. Директорлар Кеңесі мен Корпоративтік хатшы Жалғыз акционермен сұхбатты қамтамасыз етуге жауапты. Директорлар Кеңесінің Төрағасы Жалғыз акционермен басқару мен даму стратегиясын талқылайды және ақпараттың толықтығы мен растығын қамтамасыз етеді.

83. Барлық Директорлар шешімдерді объективті қабылдауға, Компания мен Жалғыз акционердің мүддесіне сай әрекет етуге тиіс.

84. Директорлар Кеңесі Басқарама мүшесі, Корпоративтік хатшы, Ішкі аудит қызметінің басшысы болып және Директорлар Кеңесі тағайындайтын немесе

Оле

тағайындалуы келісілетін өзге қызметкер болып жұмыс істеу мүмкіндігіне қатысты (мемлекеттік қызметкер болып табылатын Директорлардан басқа), басқа ұйымдарда Директор болуға келісім беру туралы шешімді қабылдайды.

85. Директорлар Кеңесі өз қызметіне және кейбір Директорлардың қызметіне баға беру механизмін әзірлейді., Директорлар мен Басқарма қызметіне баға беру әдістері мен белгілерін жасайды және , үнемі қайта қарайды.

3.1.1. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІН ҚҰРУ

86. Директорлар Кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау мен директорлар Кеңесінің өкілеттігін мерзімнен бұрын тоқтату, директорлар Кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшері мен ережелерін белгілеу, сондай-ақ директорлар Кеңесінің құрамындағы Тәуелсіз директорлар санын анықтау Жалғыз акционердің ерекше құзырына жатады.

87. Жаңа Директорларды сайлау Заңнамаға, ресми және транспаренттік процедураларға сәйкес жүзеге асырылады.

88. Жалғыз акционерге Директор лауазымының кандидаты туралы жеткілікті мағлұматтар, оның ішінде өмірбаяны, кандидат пен Компания арасындағы өзара қатынастар туралы ақпарат (қосарланған, ынтымақтас және т.б.), және Жалғыз акционерге оларды сайлау туралы негізделген шешімді қабылдауға жағадай жасайтын кез келген өзге ақпарат ұсынылуға тиіс.

89. Директорға кандидаттар мен Директорлар тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктілігі, оң жетістіктері және іскерлік ортада өз міндеттерін орындауға және Жалғыз акционер мен Компания мүддесіне сай, барлық директорлар Кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыру үшін қажетті мінсіз беделі болуға тиіс.

90. Директор лауазымына тұлғаны сайлауға болмайды:

1) өтелмеген немесе соттылығы заңда белгіленген тәртіпте алынбаған;

2) бұрын Директорлар кеңесінің Төрағасы, бірінші басшы (Басқарма Төрағасы), басшының орынбасары, басқа заңды тұлғаның мәжбүрлеп жою немесе мәжбүрлеп акцияларын сатып алу, немесе белгіленген тәртіпте банкрот деп мойындалған өзге заңды тұлғаны консервациялау туралы шешімді қабылдауға дейін, кем дегенде, бір жыл бас бухгалтер болған; Аталған талап заңды тұлғаның мәжбүрлеп жою немесе мәжбүрлеп акцияларын сатып алу, немесе белгіленген тәртіпте банкрот деп мойындалған өзге заңды тұлғаны консервациялау туралы шешімді қабылдауға дейін бес жыл ішінде қолданылады.

3) мүдделер тартысының болуы. Директорлар Кеңесіне Компаниямен бәсекелес органның қатысушысы, бас директоры (басқарушысы), басқару органының мүшесі немесе заң тұлғаның қызметкері болып табылатын тұлғаны директорлар Кеңесіне сайлауға ұсынылмайды.

91. Директорларды сайлау ережелері айқын болуы керек.

92. Директорлар мен Компания арасындағы қатынастар Заңнамаға, Компанияның Кодексі мен ішкі құжаттарының ережелеріне сәйкес шарттармен ресімделеді.

93. Шарттарда тараптардың құқықтары, міндеттері, жауапкершіліктері және өзге де елеулі жағдайлары, сондай-ақ Директордың осы Кодекстің ережелерін сақтау бойынша, сның ішінде оларға жүктелетін міндеттерді орындау үшін уақыт мөлшері, оның қызметі тоқтатылғанынан кейін Компания туралы ішкі ақпаратты жария етпеу туралы міндеттері болуға тиіс.

Компанияның Жалғыз акционері Директормен жасалған үлгілі шартты бекітуі мүмкін.

94. Директорда сайлау және оның өкілеттігін тоқтату, Директордың лауазымға кірікенінде қызмет ісімен және процесстарымен танысу тәртібі, өкілеттігінен өз

еркімен бас тарту тәртібі, директорлар Кеңесін шақыру және өткізу тәртібі, және директорлар Кеңесінің қызметімен байланысты өзге мәселелер Жарғымен, Компанияның Жалғыз акционерінің шешімімен бекітілетін директорлар Кеңесі туралы Ережемен анықталады.

95. Директорлар кеңесі Жалғыз акционерге ұсынатын өз қызметі туралы жылдық есептілік құрамына тәуелсіз деп санайтын әрбір Директорды көрсетуге тиіс. Директорлар кеңесі Директор шешім қабылдау кезінде тәуелсіз болғанын анықтауға тиіс; Директорды тәуелсіз деп танитын себептерді, Заңнама бойынша Директордың тәуелсіз белгілеріне сәйкестігін, сондай-ақ Директордың тәуелсіздігін тануға ықпал ететін қатынастар мен жағдайлардың бар екенін белгілеп, көрсетуге, соның ішінде егер Директор:

1) соңғы бес жыл ішінде Компанияның немесе оның еншілес/тәуелді ұйымының қызметкері болса;

2) Компаниядан қосымша, Директордың сыйақысынан басқа, сыйақы алған немесе алса;

3) өзге ұйымдарда немесе органдарда осыған ұқсас лауазымында бола тұрып, өзге ұйымдар мен органдарда осындай қатынастар арқылы басқа Директорлармен елеулі байланысы болса;

4) Жалғыз акционерді немесе мемлекеттік басқару органның өкілі болса;

5) тоғыз жыл қатарынан Директор болса;

96. Ең маңызды мәселелерді қарау үшін және директорлар Кеңесіне ұсыныстарды дайындау үшін директорлар Кеңесінің мына комитеттерін құра алады:

- аудит жөнінен комитет;

- тағайындау мен сыйақы беру комитеті;

- директорлар Кеңесінің қарауы бойынша өзге комитеттер.

97. Комитеттерді директорлар Кеңесі олардың мүшелері арасынан құрады, Комитет төрағасы болып оның бірі тағайындалады, және нақты комитетте жұмыс істеуге қажетті білікті білімі бар сарапшылардан құрылады. Комитет мүшелерінің өкілеттік мерзімдері олардың Директор ретіндегі өкілеттігі мерзімдерімен сәйкес келеді, алайда директорлар Кеңесі жыл сайын қайта қарайды.

98. Басқарма Төрағасы аудит жөніндегі комитеттің және тағайындау мен сыйақы беру комитетінің мүшесі бола алмайды.

99. Аудит жөніндегі комитет Компанияның Жалғыз акционерінің мүддесіне сай Директорлар кеңесіне мына ұсыныстар бойынша дайындау арқылы әрекет етеді:

1) Компанияның қаржылық-шаруашылық қызметіне (соның ішінде қаржылық есеп берудің толықтығы мен растығына) бақылаудың тиімді жүйесін белгілеу бойынша;

2) ішкі бақылау мен тәуекелдерді бақылау жүйесінің сенімділігі мен тиімділігін бақылау, сондай-ақ корпоративтік басқару аясындағы құжаттарды орындау бойынша;

3) сыртқы және ішкі аудиттің тәуелсіздігіне, сондай-ақ Заңнаманы сақтауды қамтамасыз ету процессіне бақылау бойынша;

4) директорлар Кеңесінің өзге мәселелері бойынша;

Аудит жөніндегі комитет кем дегенде екі адамнан тұруға тиіс, олар Тәуелсіз директор болып табылады, оның біреуі Аудит жөніндегі комитеттің Төрағасы болып сайланады.

Тәуелсіз болып табылмайтын Директор, егер директорлар Кеңесі осы тұлғаның Аудит жөніндегі комитетке мүшелігі Компанияның және оның Жалғыз акционерінің мүддесіне сай қажет деп тапса, онда аталған тұлға Комитет құрамына сайлануы мүмкін. Осындай тағайындау туындағанда директорлар Кеңесі Директордың тәуелділік сипатын ашуы және мұндай шешімді негіздеуі керек.

Аудит комитетінің құрамында кем дегенде оның бір мүшесінде бухгалтерлік есепті және/немесе қаржыны және/немесе аудитті дайындау саласында терең білім болуы тиіс.

Тағайындау мен сыйақы беру комитеті директорлар Кеңесіне мына мәселелер бойынша ұсыныстарды әзірлеп, ұсыну мақсатында құрылады:

1) тағайындалуы немесе тағайындауға келісілуін директорлар Кеңесі жүзеге асыратын, директорлар Кеңесінің, Басқарма құрамына, Ішкі аудит Қызметіне, Корпоративтік хатшыға және өзге қызметкерлерге жоғарғы білікті мамандар тарту;

2) директорлар Кеңесі мүшелеріне сыйақы белгілеу туралы Жалғыз акционерге, және Басқарма мүшелері мен Корпоративтік хатшыға сыйақы белгілеу туралы директорлар Кеңесі ұсыныстарын жинақтау.

3.1.2. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

100. Директорлар Кеңесінің қызметі тиімділік және жауапкершілік ұстанымдарына негізделеді.

Директорлар Кеңесінің отырыстары ұтымдылық, тиімділік және жүйелілік ұстанымына негізделіп, жыл сайын жасалатын кестеге сәйкес өткізіледі. Директорлар Кеңесі жылына, кем дегенде, алты рет көзбе-көз қатысатын отырыс өткізуі тиіс.

101. Директорлар Кеңесі директорлар Кеңесінің отырыстарын дайындау мен өткізу бойынша ішкі процедураларды әзірлейді. Ол процедуралар директорлар Кеңесінің отырысы қызметінің барлық қажетті шамаларын тәртіптеуі тиіс.

102. Директорлар Кеңесі өз отырыстарының толық хаттамасын жүргізеді, онда барлық мәселелерді талқылау ыждаһатты түрде белгіленеді. Хаттамаға Төрағалық еткен тұлға мен Корпоративтік хатшы қол қояды және дауыс берудің атаулы нәтижелері қамтылады.

103. Директорлар Кеңесінің отырыстарын өткізудің көзбе-көз немесе сырттай дауыс беру түрлері, нақты негізделумен таңдалып, қарастырылады. Компания дамуының стратегиясын бекіту директорлар Кеңесінің отырыстарында дауыс берудің тек көзбе-көз түрімен жүзеге асырылады.

104. Ерекше жағдайларда директорлар Кеңесі отырысының екі түрінің де бірігуі мүмкін. Бұл жағдай, директорлардың бірі немесе бірнешеуі (30%-тен аспайтын) директорлар Кеңесінің отырысына өздері қатыса алмағанда болады. Онда қатыспаған директор қаралатын мәселелерді талқылауға, техникалық құралдарды қолданып, қатыса алады және өз пікірін жазбаша беруі керек.

105. Директорлар Кеңесінің қарауына шығарылған мәселе бойынша мүдделі директор, осы мәселені талқылау мен дауыс беруге қатыспайды, ол туралы директорлар Кеңесі отырысының хаттамасына тиісті жазбалар жасалады.

106. Компания директорлардың сыйақысының мөлшері туралы, Заңнамаға сәйкес, мәліметті ашады. Есепті кезеңде директорлар сыйақысының шарттары туралы мәліметтер, Жалғыз акционер үшін дайындалған, жылдық есепте міндетті ашылуға жатады.

107. Директорлар Компания жағдайына мониторинг жүргізуі және Компанияның Басқарма мүшелерімен және қызметкерлерімен тұрақты қатынаста болуы тиіс.

108. Компанияның жылдық есебінде мына ақпарат, бірақ шектелмей, көрсетіледі:

1. Директорлар Кеңесі туралы жалпы ақпарат;
2. Директорлар Кеңесінің құрамы (Директорлар Кеңесінің Төрағасы мен Тәуелсіз директорлар көрсетілуімен);
3. Директорлар Кеңесі мүшелерін іріктеу белгілері;
4. Директорлар Кеңесінің құзыры;

mes

5. Директорлар Кеңесі мен оның Комитеттерінің отырыстары туралы толық ақпарат (отырыстарының саны, әр директордың Директорлар Кеңесі мен, өзі құрамына кіретін, Комитет отырыстарына қатысуы);
6. Директорлар Кеңесі мен Басқарма қабылдаған ең маңызды шешімдер;
7. Компания позициясы мен оның даму болашағын бағалау;
8. Басқарманың есебі;
9. Басқарманың құрамы;
10. Тәуекелдеді басқару жүйесі туралы ақпарат;
11. Маңызды корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат.

3.1.3. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ

109. Директорлар Кеңесі жыл сайын өз жұмысына, директорлар Кеңесінің отырысында нәтижелері талқыланатын директорлардың әрқайсысының, оның комитеттерінің, ішкі аудит Қызметінің жұмысына жан-жақты баға беруі тиіс. Директорлардың ешбірі өзінің қызметін бағалайтын процеске кірістірілмеуі керек.

110. Директорлар жыл сайын Тәуелсіз директорлардың бірінің басшылығымен Директорлар Кеңесі Төрағасының жұмысын бағалау жөнінде отырыс өткізеді.

111. Жалғыз акционер Директорлар Кеңесінің қызметін бағалау нәтижесі бойынша Директорлар Кеңесіне жаңа мүшелер сайлау және/немесе директорларды лауазымынан кетіру туралы шешім қабылдай алады.

3.1.4. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНЕ АҚПАРАТ ҰСЫНУ

112. Директорлар Кеңесіне, оған өз міндеттерін атқару мүмкіндігін беретін, уақтылы, тиісті формада, дұрыс сапалы және көлемде ақпарат берілуі тиіс.

113. Директорлар Кеңесінің Төрағасы мен Корпоративтік хатшы директорлардың нақты және анық ақпаратты уақтылы алуын қамтамасыз етуі үшін жауап береді. Басқарма, ішкі аудит Қызметі ондай ақпарат беруге міндетті, ал директорлар, қажет болғанда, түсініктер немесе анықтаулар беруді талап ете алады.

114. Директорлар Кеңесінің Төрағасы жаңа сайланған директорлардың лауазымына тиімді кірісуін қамтамасыз етуі керек

115. Директорлар Кеңесі, тиісті жылдың Компания бюджетінде қарастырылған қаражат шеңберінде, сыртқа сарапшылар мен кеңесшілердің қызметтерін пайдалануға құқылы.

Директорлар Кеңесі өзінің міндеттерін толыққанды орындау үшін қажетті қормен қамтамасыз етілуі тиіс.

3.1.5. СЫЙАҚЫ БЕРУ

116. Директорлар Кеңесі мүшелеріне сыйақы беру мөлшері мен шарттарын белгілеу Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатады.

117. Компанияда директорларға сыйақы беруде транспаренттік саясат қолданылуы керек. Директорлардың сыйақы беру мөлшері жұмысқа бөлінетін уақытына және директорлардың өз міндеттерін орындау сапасына сай болуы тиіс.

118. Директорлардың сыйақы беру шарттары олармен жасасқан шарттарда, қажет болса, Компанияның ішкі құжаттарында жазылады.

119. Басқарма Төрағасы директорлар Кеңесіндегі жұмыс үшін сыйақы алмайды.

Arby

3.2. БАСҚАРМА

120. Басқарма Жалғыз акционер мен директорлар Кеңесінің шешімдерін атқаруға міндетті.

121. Басқарма, Заңнамамен және Жарғымен Компанияның басқа органдары мен лауазымдық тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған, Компания қызметінің кез келген мәселесі бойынша шешім қабылдауға құқылы.

122. Басқарма, Заңнамаға сәйкес, ақпаратты ашу және компания қызметін ақпараттық жариялау жөнінен жауапкершілік алады және ішкі (қызметтік) ақпаратты қорғау мен сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

123. Басқарма Жалғыз акционер мен директорлар Кеңесі қойған мақастарды жүзеге асыру үшін қаржылық және адам ресурстарын бөлуге жауапкершілік алады.

124. Басқарма Компанияның тиімді жұмысына Компания қызметкерлерінің мүдделі атмосферасын жасауы керек, әрбір қызметкер Компаниядағы өз жұмысын бағалауға ынталанып, өзінің сыйақы алуы жалпы Компания жұмысының нәтижелі болуынан екенін білуі тиіс.

125. Басқарманың міндеттері, қызметі, Басқарма мүшелігіне кандидат таңдау және Басқарма қызметінің тәртібі Заңнамамен, Компанияның Жарғысымен және ішкі құжаттарымен белгіленеді.

3.2.1. БАСҚАРМАНЫ ҚҰРУ

126. Басқармадағы лауазымға сайлауда директорлар Кеңесі осы лауазымдар талапкерлеріне (кандидаттарына) және оларды сайлау үдерісін белгілейтін білікті талаптарды белгілейтін Жалғыз акционердің шешімдеріне, Компанияның ішкі құжаттарына сүйенеді.

127. Директорлар Кеңесінің қарауына Басқарма құрамына сайланатын кандидаттар жөнінде ұсыныстарды Басқарманың Төрағасы енгізе алады.

128. Басқарма Төрағасының Басқармадағы бос орынға екінші рет ұсынған кандидатурасын директорлар Кеңесі қайтарған жағдайда, осы бос орынға кандидатура ұсыну құқығы директорлар Кеңесінің Төрағасына ауысады.

129. Басқармадағы лауазымға кандидаттардың өзіне жүктелген міндеттерді дұрыс атқару үшін қажетті тәжірибесі, білімі мен біліктілігі, жақсы беделі болуы керек.

130. Басқармасының мүшелерін іріктеу мен тағайындау, белгілегендей, барынша ашық әрі нақты үрдістер негізінде жүргізіледі.

131. Компания мен Басқарма мүшелерінің арасындағы қатынастар шарттармен ресімделеді. Шарттар тараптардың құқықтарын, міндетін, жауапкершілігін және басқа маңызды жағдайларды, сондай-ақ осы Кодекстің ережелерін сақтау жөнінде Басқарма мүшелерінің міндеттемесін қамтуы керек.

132. Компанияның Жалғыз акционері Басқарма Төрағасымен үлгілі шартты бекітуі мүмкін.

3.2.2. БАСҚАРМА ЖҰМЫСЫНЫҢ ТӘРТІБІ

133. Басқарма жүйелі отырыстар өткізеді. Басқарма мүшелері отырыстың күн тәртібінің мәселелері бойынша ертерек ақпарат алады. Сонымен Басқарма өзінің отырыстарын тікелей (көзбе-көз) қатысу сыяқты, сырттай дауыс беру түрімен де өткізеді.

Басқарма жұмысының тәртібі Компанияның Басқармасы туралы ережемен реттеледі.

3.2.3. СЫЙАҚЫ БЕРУ ЖӘНЕ ЖҰМЫСТАРДЫ БАҒАЛАУ

134. Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің сыйақы мөлшерін, Жалғыз акционердің пікірін ескерумен, директорлар Кеңесі белгілейді.

135. Басқарма мүшелерінің сыйақысы тұрақты және ауыспалы бөлімдерден тұрады, әрі соңғысы Басқарма мүшелері жұмысының негізгі көрсеткіштеріне тәуелді және олардың біліктілігінің деңгейі мен Компания қызметінің нәтижесіндегі жеке үлесіне байланысты.

136. Басқарма мүшелерінің сыйақысының саясаты транспарентті болуы тиіс. Сыйақы беру Басқарма мүшелерін жоғарғы жұмыс сапасына жетуге ынталандыруы керек.

3.3. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МЕН БАСҚАРМА АРАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА ӘРЕКЕТ. КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫ

137. Тиімді корпоративтік басқару директорлар Кеңесі мен Басқарма арасында ашық сұхбатты талап етеді. Директорлар Кеңесіне кезеңдік есептер (ақпарат) беру тәртібі Компанияның ішкі құжаттарымен реттеледі.

138. Корпоративтік хатшы өз міндеттерін тұрақты негізде толық жұмыс күн режимінде атқарады. Корпоративтік хатшы, корпоративтік басқару аясында Заңнамамен белгіленген және Компанияның ішкі құжаттар талаптарын Компания органдарының орындауын қамтамасыз етуіне мүмкіндік ететіндей біліктілігімен, Компания Жарғысының ережелеріне және басқа ішкі құжаттарына сәйкес Компания органдарының арасында өзара әрекеттерін нақты қамтамасыз етеді, сондай-ақ корпоративтік басқару дамуындағы жаңа үрдістер туралы Компанияның директорлары мен лауазымдық тұлғаларына ақпарат береді.

139. Корпоративтік хатшы отырыстарды өткізу үдерістерін және директорлар Кеңесі қабылдаған шешімдердің дұрыс орындалуын қамтамасыз етуге жауап береді.

140. Корпоративтік хатшы Компанияның тиісті органдарының Жалғыз акционердің тапсырыстарын мұқият қарауын және Жалғыз акционердің құқықтарының бұзылуына байланысты корпоративтік жанжалдарды шешуді қамтамасыз етеді. Компания органдарының осындай тапсырмаларды уақытылы қарауына бақылау Корпоративтік хатшыға жүктеледі.

141. Корпоративтік хатшының міндетіне Басқарма мен директорлар Кеңесінің арасында ақпарат алмасуы, сондай-ақ директорлардың лауазымына кірісу процесіне көмек көрсету кіреді.

142. Корпоративтік хатшының мәртебесі, қызметі және міндеті Заңнамамен, Компанияның Жарғысымен, Кодексімен және ішкі құжаттарымен анықталады.

143. Корпоративтік хатшыны тағайындау мен уәкілеттігін тоқтату директорлар Кеңесінің құзырына жатады.

4-ТАРАУ. ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТ

4.1. ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

144. Компания, Жарғыда белгіленген тәртіппен, Жалғыз акционердің негізгі құқықтарын іске асыруын, соның ішінде:

а) Жалғыз акционердің шешімдерін ресімдеу мен іске асыру жөнінен заңнамаға сәйкес барлық қажетті әрекеттерді қабылдайды;

б) акцияларды иелену, пайдалану және билік ету құқығын;

в) Компанияға оның қызметіне қатысты жазбаша сұраныммен шығу және Жарғы белгілеген мерзімде дәлелді жауап алу құқығын;

- г) Компанияны басқаруға қатысу және директорлар Кеңесіне сайлану құқығын;
- д) Компанияның кірісінен үлес (дивиденд) алу құқығын;
- е) Компания мүлігінен, оны жойғанда, үлес алу құқығын қамтамасыз етеді.

145. Компания корпоративтік басқарудың басты шешімдерін қабылдауда Жалғыз акционердің құқықтарын іске асыруды қамтамасыз етеді.

146. Директорлар Кеңесі мен Басқарма Компания қызметіндегі жоспарланған өзгерісті негіздеуге міндетті және Жалғыз акционердің құқықтарын сақтау мен қорғаудың нақты саясатын ұсынады.

147. Компания Жалғыз акционерді, Заңнамаға сәйкес, қаржы-шаруашылық қызмет және оның нәтижелері туралы шынайы ақпаратпен қамтамасыз етеді.

148. Жалғыз акционерге Компания қызметінің жоспары, жетістіктері мен проблемалары туралы қосымша мәліметтер, сонымен қатар Компания қызметі туралы басқа ұйымдардың аналитикалық зерттеулері мен материалдары берілуі мүмкін. Ақпаратты ашу талаптары Компанияға артық әкімшілік жүк немесе ысырапты шығындар жүктемеуі тиіс.

149. Жалғыз акционердің сұрау бойынша, Компанияның ішкі құжаттары белгілеген мерзімдерде тыңғылықты ақпарат дайындау және ұсыну жауапкершілігін Басқарма Төрағасы алады.

